

Сөзіммен халқым амал қылсын десең, амал қыл өз сөзіңмен әуел өзің!

Мәшһүр Жүсіп

Баянауыл аудандық қоғамдық-саяси газеті

Баянтау



Газет 1931 жылғы
4 қыркүйектен шыға
бастады

№48 (11513) 4 желтоқсан, 2025 жыл

ФОРУМ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ ДИАЛОГ-ПЛАТФОРМАСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті ауыл әкімдері!

Бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша. Еліміздегі барлық деңгейдегі атқарушы билік өкілдері осы жерге арнайы шақырылды. Ауыл әкімдерінің басым көпшілігі, яғни, 80 пайызы осында. Жалпы, осындай ауқымды құраммен алғаш рет бас қосып отырмыз. Шын мәнінде, тақырып – өте өзекті. Ауылдың жағдайы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Себебі халқымыздың тамыры – ауылда. Ауылдарымыз мықты болса, еліміз де берекелі болмақ. Сондықтан ауыл әкімдеріне қойылатын талап та, оларға жүктелетін міндет те әрдайым ерекше.

Әкім – ең алдымен, халықпен тікелей жұмыс істейтін мемлекеттік қызметші. Бұл – өте жауапты жұмыс. Ауыл әкімі ауылдың болмысын, ауылдағы ағайынның өмірін жете түсінетін нағыз іскер маман болуы керек. Жаңа ғана бірнеше әкімнің сөзін тыңдадық. Айтылған ой-пікірлерді және ұсыныстарды мұқият зерделеп, жұмыс барысында міндетті түрде ескеру қажет.

Баршаңызға мәлім, 2019 жылдан бері елімізде ауқымды саяси реформалар жүргізіліп жатыр. Қазақстан жаңа тұрпатты ел болу үшін тарихи бетбұрыс жасады. Ең алдымен, елдегі түбегейлі өзгерістердің құқықтық негізін қалыптастырдық. Саяси үдерістерді жаңғыртуға арналған 20-ға жуық заң қабылданды. Жалпыхалықтық референдум арқылы Ата Заңымызға түзетулер енгізілді. Парламенттің құзыреті кеңейді, атқарушы биліктің жауапкершілігі күшейді. Саяси партиялардың рөлі артып, жұмысы жандана түсті. Сондай-ақ

партияларды тіркеу талаптары едәуір жеңілдеді. Нәтижесінде Мәжілісте саяси партиялардың саны көбейді.

Билік жүйесінде жаңа институттар пайда болды. Конституциялық Сот құрылды. Адам құқықтары жөніндегі уәкілге конституциялық мәртебе берілді. Кассациялық сот жүйесі жұмыс істей бастады. Осылайша, біз еліміздің саяси өмірінде бұрын-соңды болмаған бірегей өзгерістерді жүзеге асыра бастадық. Қазақстан бұл саяси кеңістікте дәл осындай кең ауқымды реформаларды қолға алған бірден-бір ел деп сеніммен айтуға болады. Соның арқасында азаматтарымыз мемлекеттің маңызы бар шешімдер қабылдауға белсене атсалыса бастады. 2020 жылы халыққа Жолдауымда ауыл әкімдерін тікелей сайлау туралы бастама көтергенімді білесіздер. Бұл мемлекетті басқару ісін түбегейлі жаңғырту жолындағы аса маңызды қадам болды. Себебі жергілікті әкімдер бүкіл билік жүйесінің тірегі саналады. Сондықтан біз орынсыз асығыстыққа жол берген жоқпыз, ауыл әкімдерін сайлау жұмысын 5 жылдың ішінде біртіндеп жүзеге асырдық. Бүкіл еліміз бойынша 2334 ауыл әкімі сайланды. Олардың орташа жасы – 43 жас. Жаңадан сайланған әкімдердің үштен бірі – бұрын мемлекеттік қызметте болмаған азаматтар.

Ауылдағы сайлау саяси партиялардың аймақтардағы жұмысына тың серпін берді. Олар өз үміткерлерін ұсынып, сайлауға белсене араласты. Саяси ұйымдардың 1500-ден астам өкілі әкім болып сайланды. Жаңа басшылардың қатарында алты партияның мүшелері бар. Ал, 700-ден астам азамат өзін-өзі ұсынып, сайлауда жеңіске жетті. Сайланған



әкімдер жұмысқа кірісіп кетті, жалпы нәтиже жаман емес деуге болады. Ең бастысы, олар жергілікті жұрттың мұң-мұқтажын, шешімін таппай жатқан түйткілдерді жақсы біледі. Ауыл-аймақтың дамуына бөлінген бюджет қаражаты да тиімді игеріле бастады. Ауылдардың кірісі көбейді, мемлекет тарапынан берілетін қаржыға, яғни дотацияға тәуелділік азайып келеді. Жақында жүргізілген сауалнамаға сәйкес ауыл тұрғындарының 84 пайызы өз әкімдеріне сенетіні анықталды. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Сондықтан ауыл әкімдерін сайлау үдерісі алдағы уақытта да жалғасын табады. Ал, аудан әкімдерін сайлауға қатысты

өртүрлі көзқарас бар. Бірқатар қоғам қайраткері мен белсенді азаматтар «аудан әкімдерін сайлау қажет пе, жоқ па» деген мәселені қайта қарауды ұсынуда. Бұл мәселені Ерлан Саиров, Альберт Рау, Мархабат Жайымбетов бастаған депутаттар да көтерді. Олар елде сайлау тым көбейіп бара жатқанын, жұрт саяси науқандардан мезі бола бастағанын айтуда. Бұл пікірді ауыл және аудан тұрғындары да қолдап жатыр. Сайлау науқандары жергілікті жерде жүргізілуге тиіс нақты жұмыстарға кедергі келтіруі мүмкін деген пайымдар да бар. Бұл пікірлерді ескерген жөн.

(Жалғасы 2-3 беттерде)

«Баянтауға» жазылуды ұмытпаңыз!

Қадірлі оқырман, «Баянтау» газеті ғасырға жуық уақыт бойы баянауылдықтармен бірге жасап келеді. Егер туған өлкеніңіздің газеті сізбен бірге, Баянауламен бірге болсын десеңіз, қолдау көрсетіңіз! Сіздің қолдауыңыз – газетке жазылу.

Газетіміздің 2026 жылға жазылу бағасында да, жазылу жүйесінде де еш өзгеріс жоқ. Яғни, өткен жылдағыдай 1 жылдық жазылу құны: жеке тұлғалар үшін – **3500 теңге**, заңды тұлғалар үшін – **7500 теңге**.

Газетке **8-702-179-10-87** нөміріндегі «Каспи» және «Халық банкі» арқылы басылымның ақысын төлеп, қосымшасына мекен-жайын жазып, WhatsApp нөмірін қалдырса болды. Жазылушыға мамандар WhatsApp желісі арқылы газетке жазылғанын растайтын түбіртек жолдайды.

Қорыта айтқанда, жазылу басталды, аудан айнасына алғашқы болып жазылуды ұмытпайық! Рухани азық үлкенімізге де, кішімізге де керекті есімізде болсын!

Құрметпен, «Баянтау» редакциясы

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН - 3500 ТЕҢГЕ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН - 7500 ТЕҢГЕ

Баянауыл ауылы,
Сәтбаев көшесі, 49-үй,
Тел: 8-702-179-10-87



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ АУЫЛ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Осыған дейін аудан әкімдерін сайлау тәсілі арқылы 52 әкім сайланды. Енді олардың қалай жұмыс істейтінін қарап көру қажет. Аудан әкімін сайлаудың тиімді-тиімсіз тұстарын мұқият саралау керек. Мәселе – аудан әкімдерінің сайлауын міндетті түрде өткізу емес, басты мақсат: біз оң нәтижелерге қол жеткізуіміз керек. Үкімет және Парламент депутаттары бірлесіп, осы мәселені жан-жақты қарап, әділетті, дұрыс шешім қабылдауы қажет. Ең бастысы, әрбір реформа салмақты көзқараспен, байыппен жасалуы керек.

Бөріңізге белгілі, елдегі өзгерістердің арқасында мемлекеттік қызметке мүлде жаңа адамдар келіп жатыр. Осы орайда, Президенттік жастар кадрлық резервін ерекше атап өткен жөн. Резервке қосылуға өтініш берген 30 мыңға жуық үміткердің ішінен 450 адам іріктеліп алынды. Олардың 72 пайызы басшылық қызметке тағайындалды. Кадрлар құрамын жаңарту үдерісі биліктің бүкіл тармағында және барлық деңгейде жүргізіліп жатыр. Бұл – уақыт талабы. Бірақ осындай жауапты жұмыста саяси науқаншылдыққа жол бермеу керек. Ең алдымен, тиімді ұсыныс айтып, пайдалы бастамалар көтеретін, батыл шешім қабылдай алатын азаматтарды, яғни кәсіби тұрғыдан білікті мамандарды мемлекеттік қызметке көптеп тарту қажет. Біз осы маңызды жұмысты жалғастыра береміз.

Құрметті әкімдер!

Ауыл – төл өркениетіміздің алтын қазығы. Ауылды өркендету – баршаға ортақ парыз. Мемлекет бұл мәселеге ерекше жауапкершілікпен қарайды. Өздеріңіз білесіздер, 2022 жылы халыққа ұсынған сайлау алдындағы бағдарламада ауыл мәселесіне айрықша назар аудардым. Алғашқы Жарлығым да ауылды дамытуға арналды. Соған сәйкес Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленді. Қазіргі таңда осы құжатқа сай нақты жұмыстар атқарылып жатыр. Жуырда ғана Ауыл еңбеккерлерінің екінші форумын өткізіп, осы саладағы өзекті мәселелерді қарадық. Ал, бүгін ауыл-аймақтардың даму бағдарын айқындаймыз. Бұл – мемлекеттің алдында тұрған стратегиялық міндеттің бірі. Соңғы жылдары ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыру үшін тиісті жұмыс жүргізіліп жатыр. 2022 жылы халықтың табысын арттыруға арналған көшенді жоспар қабылданды. Биыл Үкімет алдағы бес жылға арналған Өңірлерді дамыту тұжырымдамасын бекітті. Ауылға қомақты инвестиция тартылды. 2021 жылдан бері ауыл халқына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 864 нысан салынды. Сондай-ақ 388 жаңа мектеп ашылды. Былтыр 2 мыңға жуық ауыл мектебіне сапалы интернет берілді.

Жыл өткен сайын ауылдың әлеуеті артып келеді. Өзіңізді қамтамасыз ету деңгейі жоғары ауылдардың саны көбейе түсті. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі алты жылда 1,5 еседен астам өсіп, 8,3 триллион теңгеге жетті. Биыл ауылдағы шаруаларға 1 триллион

теңге көлемінде қолдау көрсеттік. Дәл осындай мемлекеттік қолдау көрсеткен елдер көп емес, тіпті, бұл көптеген ел қол жеткізе алмайтын қаржылай көмек деуге болады. Алайда алдымызда биік мақсаттар тұр: біз ауылдағы жағдайды жақсартып, жұмысты күшейтуіміз керек. Сондықтан алдымен ауылды дамытуға қатысты жұмыстың негізгі бағыттарына тоқталып өтейін.

Бірінші. Ауыл әкімдері міндетті түрде білікті маман болуға тиіс.

Қазіргі ауыл әкімдерінің 60 пайызға жуығы осы қызметке алғаш рет сайланды. Бұл – жергілікті билік құрамы біршама жаңарды деген сөз. Алайда сайлауда жеңіске жету – алдағы үлкен жұмыстың басы ғана. «Әкім болдым, толдым» деп отыруға болмайтыны түсінікті.

Әкімдер өздерінің мықты басшы екенін іс жүзінде дәлелдеуі керек. «Басшының бағы – ел-жұрттың қамы» деп бекер айтылмаған. Нағыз елге сыйлы әкім болу үшін ауылдың ахуалын жақсы білу де аздық етеді. Халықтың сенімін ақтап, елдің береке-бірлігін нығайту үшін жұмыс істеу керек. Әкім мемлекеттік деңгейде жасалып жатқан өзгерістерді жергілікті жерде жүзеге асыруға қабілетті болуы қажет. Кәсіби тұрғыдан білікті әрі еңбекқор әкім сайлаушылардың сенімін ақтай алады. Сондықтан ауыл әкімдерінің басқару ісіндегі шеберлігін арттыру өте маңызды. Әкімдердің арасында бұрын билік жүйесінде жұмыс істемеген азаматтар бар екенін айттық. Олардың тәжірибесі аз екені түсінікті. Осы бағытта «Amanat» партиясының бастамасымен «Әкімдер мектебі» жобасы қолға алынды. Әрине, мұндай курстар жоғары білімнің орнын баса алмайды. Сондықтан университеттерде оқытылатын «Мемлекеттік және жергілікті басқару» бағдарламасын талапқа сай өзгерту керек. Ауыл-аймақтарды басқару, көшбасшылық қабілетті дамыту мәселесі назардан тыс қалған. Ал бұл жұмыспен ең алдымен Мемлекеттік қызмет істері агенттігі шұғылдануы керек. Құзырлы министрлікпен бірлесіп, ауыл әкімдерін даярлауға белсенді түрде кірісу қажет.

Екінші. Ауыл әкімдерінің өкілеттіктерін күшейту керек.

Бірақ мұны халыққа пайдасы тиетіндей мұқият ойластырып іске асырған жөн. Соңғы жылдары жергілікті билік органдары кезек-кезеңімен қосымша өкілеттікке ие болып, олардың дербестігі арта түсті. Бұл – менің нақты ұстанымым. Өйткені, ауыл әкімдері елдегі ағайынның тұрмыс-тіршілігіне қатысты түйткілдерді шешумен айналысады. Қазіргі уақытта Мәжіліс «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға енгізілетін түзетулерді қарастырып жатыр. Аталған нормалар әкімдерге көше саудасына мониторинг жүргізуге, қоғамдық аумақтарды абаттандыруға, арнаулы техникалар сатып алуға қатысты өкілеттіктер беруді көздейді. Дегенмен заңнаманың екіұшты тұстары да бар. Мәселен, әкімдерге жергілікті деңгейдегі басқару органдарының жұмысына оң ықпал етуге нақты мүмкіндік берілмейді. Бүгін әкім Ирина Шишкина ауыл әкімдерінің мемлекеттік дерек қорына қолы жетпей отырғанын айтты. Бұл мәселені шешу қажет.

Міне, осындай кемшіліктердің сал-

дарынан әкімдер тұрғындардың талап-тілегін орындай алмайды. Ашығын айтқанда, кейбір жағдайда дәрменсіз күйге түседі. Оған жол беруге болмайды. Жергілікті мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейлері арасындағы жауапкершілік шегі анықталмаған. Бұл өңірлердегі жағдайға кері әсер етеді. Ауыл әкімдерінің өкілеттіктері айқын болуы керек деп санаймын. Заңнамалық түзетулерді талқылаған кезде депутаттарға осы жайттарды ескеруді ұсынамын. Сондай-ақ осы жиында ауылдық округ әкімдері көтерген ұсыныстарды да ескерген жөн. Бүгін сөз алғандар ауыл әкімдеріне функционалдық міндетіне кірмейтін қызметтерді қоса атқару жүктелгені жөнінде айтты. Шын мәнінде, ауыл әкімдері құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын міндеттерді неге атқаруға тиіс?! Үкімет Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, аудан және ауыл әкімдерінің құзыретіне жатпайтын, қайталанатын және жетіспейтін өкілеттіктерін анықтау мақсатында жағдайға егжей-тегжейлі талдау жүргізуге тиіс. Бір ай ішінде оларды түзету, жою немесе жергілікті мемлекеттік басқару сатылары арасында қайта бөлу туралы ұсыныс енгізуді тапсырамын. Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі ауыл әкімдерінің мәртебесі туралы мәселені айналып өте алмаймыз. Бұл – өте өзекті дүние. Аталған ұсыныс бұған дейін де бірнеше рет көтерілгенін, тіпті, Президент Әкімшілігіне тиісті өтініштер түскенін жақсы білемін. Мемлекеттік қызметшілердің санаттарын нақты белгілеу керек. Үкімет Парламентпен, Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен осы мәселелерді жан-жақты қарастырып, бір ай ішінде өздерінің ұсыныс-пікірлерін беруге тиіс. Содан соң шешім қабылданады.

Ауыл әкімдіктерінің қызметкерлерін қолдауға ерекше көңіл бөлген жөн. Әкімдіктерде, әсіресе, ауыл әкімдіктерінде бұрын жұмыс істеген немесе қазір де еңбек етіп жүрген азаматтар мұны мемлекеттік қызметшінің нағыз өмір мектебі деп бекер айтпайды. Бұл баршаға түсінікті. Өйткені әкімдік қызметкерлері билік пен бұқара арасында сенімді әрі сындарлы диалог жүргізуді меңгеріп, нағыз басқару машығын жетілдіреді. Сол себепті ауыл әкімдіктері қызметкерлерінің жұмыс істеуіне, олардың кәсіби тұрғыдан өсуіне жағдай жасау маңызды деп санаймын.

Үшінші. Әкімдердің өкілеттігімен қатар жауапкершілігі де күшейюі керек.

«Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңда әкімнің сайлаушылар алдындағы жауапкершілігін нақтылайтын норма жоқ. Бұл – дұрыс емес. Әкімдер тұрғындарға сайлау алдындағы бағдарламасының орындалуы туралы жиі есеп беріп тұруға тиіс. Мұны заңмен бекіту керек. Уәдесін орындамайтын, міндетін дұрыс атқармайтын ауыл басшысын қызметінен босату тетіктері қарастырылуы қажет. Ондай әкімдер халықтың талабымен немесе саяси партиялардың ұсынысымен жұмыстан шығарылуға тиіс. Сонда әкім болуға үміткерлер де елге экономикалық негізі жоқ құрғақ уәде бере алмайды. Мұндай жалаң сөздер, яғни популистік әрекеттер халықтың ауыл әкімдеріне, тіпті тұтас сайлау институтына деген сенімін азайтуы

мүмкін. Үкімет әкімдердің сайлау алдындағы бағдарламасының экономикалық бөлігіне қойылатын талаптарды айқындауы керек. Сапалы дайындалған бағдарламаны аймақтың даму жоспарымен үйлестіруге болады. Жалпы, осындай шаралар әкімдердің есептілігін күшейтеді. Сондай-ақ өз үміткерлерін ұсынған партиялардың жауапкершілігін арттырады.

Мемлекет басшысы ретінде менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына айрықша мән беретінімді білесіздер. Елімізде азаматтардың өтінішін қарауға қатысты ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Қазір ауыл әкімі бірыңғай ақпараттық жүйе арқылы тұрғындардың мәселелерін еш қиындықсыз сараптай алады. Өтініш жолдаған әрбір адамның сауалына нақты жауап берілуі тиіс. Әдетте, мұндай хаттардың көбі аймақтағы инфрақұрылым, соның ішінде, жол, аула және балалар алаңы туралы болады. Бұл – жергілікті жерде шешімін табуға тиіс негізгі мәселелер. Бірақ әкімдіктер көп жағдайда мұндай өтініштерге атүсті қарайды. Амағы таусылған жұрт орталыққа, тіпті, Президент Әкімшілігіне шағымдануға мәжбүр. Азаматтардың өз әкіміне деген сенім деңгейін осындай хаттардың санынан байқауға болады. Жыл өткен сайын халықтың талап-тілегі артып келеді. Бұл – бүкіл әлемге ортақ үрдіс. Әкімдер халыққа құрметпен, шыдамдылықпен, түсіністікпен қарап, азаматтармен ашық әңгіме жүргізуге тиіс. Олар барлық мәселені мүмкіндігінше өз деңгейінде шұғыл және сапалы шешуі қажет. Бірақ бұл міндетті атқару үшін жергілікті әкімдердің қолында тиісті құзыреті болуы керек. Атқарылып жатқан жұмыстың мән-жайын үнемі жұртқа түсіндіріп отыруға жөн.

«Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген. Әрине, айтылған ұсыныс-пікірге назар аудару керек. Бірақ әркімнің, әсіресе, іс-әрекеті ерсі, ниеті теріс, тіпті, арандатушы адамдардың ығына жығылмай, жетегінде кетпей, ақылға қонымды ұсынысты ғана қабылдау қажет. Негізі, бұл – барлық деңгейдегі әкімдерге ортақ ұстаным. Тұрғындарды ортақ іске жұмылдырып, алға бастай білетін әкімді нағыз әкім деуге болады. Мен жақында «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойдым. Бұл – әрбір мемлекеттік қызметшінің, әсіресе әкімдердің жұмысына бағдар беретін өте маңызды құжат.

Төртінші. Төртінші деңгейлі бюджеттің дербестігін арттыру керек.

Әкімдердің өкілеттігін қайта қарау мен жауапкершілігін күшейту экономикалық ресурстарды рационалды бөлуден қатар сауатты жүргізілуі тиіс. Әйтпесе аталған бағыттағы реформалар ойдағыдай нәтиже бермейді. Ауылдық округтердің өзін-өзі қамту деңгейін арттыру мақсатында бюджеттің төртінші буынына салық пен төлемдердің 25 түрі берілді. Жаңа Бюджет кодексі аясында бұл тізбекке кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру салығы да қосылды. Төртінші деңгейлі бюджет енгізілгеннен бері (2018 жыл) ауылдық округтердегі түсім төрт есе ұлғайтып, 130 миллиард теңгеден асты.

ӘКІМДЕРІНІҢ ДИАЛОГ-ПЛАТФОРМАСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оң өзгеріс байқалады. Алайда ауылдық округтер аудан мен облыстың қаржылай қолдауынсыз әлеуметтік-экономикалық мәселелерді әлі де шеше алмайды. Оған қоса кейбір өңірлерде жергілікті бюджетте халықтың саны мен ауылдық округтердің экономикалық құрылымына байланысты алшақтық бар. Біз тұрақты салық түсімінің басым бөлігін жергілікті жерлерге, ең бастысы, аудандық деңгейге бердік. Бұл – өте дұрыс. Десек те жергілікті өзін-өзі басқару бюджетіне қолдауды күшейту қажеттілігі туындап отыр. Өйткені, қазір оған тиісінше қаражат бөлінбеген. Ақиқатында, кей кәсіпорындар ауылдық округтарда пайда табады, жергілікті тұрғындардың еңбегін қолданады, бірақ салықты өздері тіркелген аудан немесе қала бюджетіне төлейді. Сондықтан Үкімет бұл қағидатқа теңгерімді тәсіл қолдану мүмкіндігін қарастырғаны дұрыс болар еді. Қанша дегенмен жергілікті жерлерге де қандай да бір кіріс түсуі қажет қой. Яғни, «салықты жұмыс істейтін және табыс табатын жерде төле» қағидатын іске асырған жөн. Үкіметке берілген тапсырма түсінікті: кем дегенде кірістің бір бөлігі жергілікті жерде қалуға тиіс. Заңды тұлғалардың мүлік және жеке табыс салығының белгілі бір бөлігі аудандардың қосымша трансферттері арқылы төртінші деңгейлі бюджетке аударылғаны жөн. Мұның бәрін Үкімет өңірлер арасындағы алшақтықты реттеуді көздейтін Аймақтық стандарттар жүйесімен ұштастыруы қажет.

Бірқатар өңір тұрғындары үшін экологиялық айыппұлдарды толық төлеу аса өзекті мәселе. Өндіріс орындары экологияға шектен тыс зиян келтіретін елді мекендер тұрғындары мұндай төлемдердің бір бөлігі жергілікті бюджетке түскенін қалайды. Олар бұған толық құқылы. Байқалған теңсіздікті реттеп, мемлекеттік саясаттың ашықтығын, тиімділігі мен әділдігін қамтамасыз ету үшін біз салық-бюджет үдерістерін жүйелі түрде жетілдіре береміз. Бұл – Үкімет жұмысының маңызды бағыты. Үкімет өңірдегі бюджет деңгейлері арасында қазынадан қаржы алуға лимит қою мәселесін қарастыруы керек. Ауылдық округтер әкімдері өздерінің кеңейтілген өкілеттіктерін толық іске асырып, салық түсімдерін ұлғайту мақсатында қолданыстағы ақпараттық платформалармен жұмыс істей білуі қажет. Цифрлық Қазақстанды ауылдар мен ауылдық округтарсыз құру мүмкін емес. Жасанды интеллект пен жаппай цифрландыру дәуірінде бұл іске ауыл әкімдері де белсенді түрде атсалысқаны жөн. Елді мекендерді цифрландыру ауыл мен қала тұрғындарының тұрмыс сапасын айтарлықтай теңестіреді. Сондықтан Үкімет бұл бағыттағы жұмысты басты басымдықтардың бірі ретінде қарастыруы қажет. Жергілікті жерлерден алынған нақты әрі жедел ақпарат орталықта тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ экономикалық дерекқор негізін қалап, ресурстарды әділ бөлуге ықпал етеді. Алдағы үш жылда Қазақстанды толықтай цифрлық елге айналдыру – жаңа даму кезеңіндегі басты міндеттердің бірі. Болашақта еліміздің әлемде алатын орны осыған тікелей байланысты.

Сондықтан мұны тіршілік үшін талас десек, артық айтқандық емес. Осы аптада Президент Дональд Трамп АҚШ-тың технология саласындағы жаһандық үстемдігін қамтамасыз етуге арналған стратегиялық бас-тамасын жариялады. Ол үшін жасанды интеллектінің бірыңғай платформасы құрылады. Бұл ғылыми зертханаларды, дата орталықтарды, цифрлық модельдерді және суперкомпьютер желісін біріктіретін ұлттық ақыл-ой алаңы болмақ. Аталған жүйе барлық аса маңызды бағыт бойынша жаңа технологиялар мен материалдарды әзірлеуге тың серпін береді. Ол жартылай өткізгіштерден бастап роботты техникаға дейінгі, ядролық энергетикадан бастап биомедицинаға дейінгі салаларды түгел қамтиды. Бұл арада зерттеу жобасы жайында емес, АҚШ-ты осы салада әлемдік көшбасшыға айналдыратын толыққанды платформа жөнінде әңгіме болып отыр. Мұны іске асыру үшін бір жылға жетер-жетпес мерзім беріліп отыр. Сол себепті бізге де шара қолдану керек. Әлбетте, Қазақстан жаһандық ауқымдағы көшбасшылыққа таласпайды. Бірақ өркениет көшінен қалмай, технологиялық жаңғыруды жылдамдату қажет. Ойланып-толғанып жүруге уақыт аз.

Бесінші. Ауылдағы кәсіпкерлікті өркендетуге баса мән беру керек.

Алдымен ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытуымыз қажет. Осы бағытта біршама жұмыс атқарылды. Оның пайдалы екені де көпшілікке белгілі. Алайда бірлескен шаруашылықтар өзiрге ауыл экономикасының тірегі бола алмай тұр. Көбіне мұндай кооперативтерді бірнеше адам ғана құратыны жасырын емес. Олар жеке шаруашылық иелері және өнім өңдеушілер арасында делдал болып жүреді. Соған қарамастан мемлекеттен жеңілдіктер алады. Рас, мұндай теріс әрекеттерге тыйым салынбаған. Бірақ бұл ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға кедергі келтіреді. Бірлестік (кооператив) құру бүкіл ел бойынша жүргізілуі керек. Сонда ғана ауылдағы ағайын бұл жұмыстың игілігін көреді. Жеке шаруалар біріге алмаса, мемлекеттің ауыл шаруашылығын дамыту жолындағы бар еңбегі зая кетеді. Сондықтан бұл жұмысты белсенді түрде қолға алуымыз қажет.

«Ауыл аманаты» жобасы өз кәсібін дамытқысы келетін ауыл тұрғындарына мол мүмкіндік беруде. Жоба аясында екі жылдың ішінде 20 мыңға жуық жұмыс орны ашылды. 2029 жылға дейін осы бағдарламаға 600 миллиард теңгеге жуық қаражат бөлінеді.

Ауылды дамыту үшін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларының әлеуетін кеңінен пайдаланған жөн. Қазіргі таңда бұл корпорациялардың ауыл экономикасына еш көмегі тимей тұр. Мен Жолдауымда әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды толыққанды даму институтына айналдыру туралы тапсырма бердім. Үкімет және Президент Әкімшілігі бұл жұмыспен айналысып жатыр. Нақты нәтиже күтемін. Осы корпорациялардың және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының ресурстарын ауыл бизнесіне қажетті инфрақұрылымды жетілдіру үшін жұмсаған абзал. Көптеген аймақта мал бордақылайтын және мал соятын орындар тапшы. Сондай-ақ

ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, сақтау, тасымалдау, өткізу ісімен айналысатын және ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жөндеп, қызмет көрсететін сервистік дайындау орталықтары жетіспейді. Ал, оңтүстік өңірде суару арналары мен ирригация жүйелеріне қатысты мәселе – өте өзекті. Тиісті инфрақұрылым болса, әкімдердің жергілікті бизнесті қолдауға және инвестор тартуға мүмкіндігі артады. Бұл бағытта ауқымды жұмыс жүргізу үшін Аймақтық стандарттар жүйесіне өзгерту енгізу қажет. Жалпы, Үкімет ауыл экономикасын жандандыру үшін нақты ұсыныстар әзірлеуі керек.

Құрметті жиынға қатысушылар!

Мен биылғы Жолдауымда бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтердім. Бұл осыған дейінгі саяси өзгерістердің заңды жалғасы деуге болады. Біз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын орнықтыра түсеміз, яғни еліміз Президенттік Республика болып қала береді. Жаңа бастама қоғамда қызу талқыланып жатыр. Парламенттің құрылымына қатысты көптеген ұсыныс келіп түсуде. Мысалы, депутаттардың саны халық санына сәйкес, яғни пропорционалды болуға тиіс деген ойлар айтылуда. Мұндай ұстаныммен қарайтын болсақ, олардың саны 200 адамға жетеді. Қазір қос палатада 148 депутат бар. Парламенттік реформа – екі палатаны жай біріктіре салу деген сөз емес. Меніңше, депутат санын тым көбейтудің қажеті жоқ. Керісінше, оңтайландыру керек, Парламенттің жұмысын жетілдіру қажет. Мысалы, бір палаталы жаңа Парламентте Президент квотасы болмайды. Барлық депутаттар бірдей тәртіппен сайлануы қажет. Бұл – алдағы Парламенттік реформа аясында жасалатын аса маңызды қадам. Мұны жақсы ұғынып, жұртшылыққа кеңінен түсіндіру қажет.

Заң шығару органына білікті әрі тәжірибелі мамандар, яғни өз ісінің майталмандары келуге тиіс. Бір сөзбен айтқанда, біз нағыз кәсіби Парламентті жасақтауымыз керек. Жаңа комитеттер құру мәселесін қарастыру қажет. Цифрландыру, аймақтарды дамыту жұмысымен айналысатын комитеттер өз алдына бөлек болғаны жөн деп санаймын. Бұл мәселелерді арнайы жұмыс тобы мұқият зерделейді. Осы реформаға қатысты басқа да көптеген ұсыныстар бар. Соның бәрін әбден пысықтап, кейін жариялаймыз. Менің де осы аса маңызды реформа бойынша ұсыныстарым бар. Жалпы, Конституциямызға енгізілетін түзету өте көп болуы мүмкін. Сондықтан референдум барысында халық жаңа Ата Заңға дауыс беретін болады деп айтсақ, қателеспейміз. Осындай күрделі, жауапты жағдайда елімізде тыныштық, тұрақтылық болуы керек. «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын бәріміз бір қоғам болып сақтауымыз керек. Құқық қорғау органдары өз кәсібилігін көрсетуі қажет. Арандатушыларға немесе «лас, көлеңкелі» саясатпен айналысқысы келетін адамдарға жол бермейміз. Біз бүгін ауылға қатысты көптеген маңызды мәселендерді көтеріп, нақты міндеттерді айқындадық. Алдымызда тұрған міндеттердің бәрін сапалы әрі жүйелі орындасақ,

мақсатымызға жетеміз. Ауыл өмір сүруге қолайлы, еңбек етуге жайлы болуға тиіс.

Ауыл әкімі осы өте маңызды жұмыстың басы-қасында жүреді. Бүгін әкім Жанар Нұрмұратқызы «Таза Қазақстан» қозғалысы жөнінде өте өзекті мәселе көтерді. Оған алғыс айтамын. Мемлекеттік саясатты халыққа жеткізетін де, елдегі өзгерістердің, атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың мән-маңызын жан-жақты түсіндіретін де – әкімдер. Мен Сіздерге зор үміт артамын. Әкімнің ең басты міндеті – тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру. Ауылдағы ағайынның әл-ауқаты жақсарса, ауыл-дарымыз да көркейеді деген сөз. Сіздер ауылды өркендету үшін табанды еңбек етесіздер деп сенемін. Ауыл халқы елімізді дамытуға зор үлес қосуда. Мен осы сәтті пайдаланып, барлық ауыл тұрғындарына зор алғыс айтамын.

Мемлекет әрдайым ауылды қолдайды. Себебі, ауыл – ұлтымыздың өзегі. Ауылды жаңа көзқараспен, озық оймен, жаңартылған тәсілдермен бірге дамытуымыз керек.

Бүгінгі жиында ауыл әкімдерімен қатар, Үкімет мүшелері және облыс әкімдері отыр. Өздеріңіз білесіздер, мен Үкіметке экономиканы сауықтыру үшін Ұлттық банкпен, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, нақты шаралар қабылдауды тапсырдым.

Осыған орай, өткен аптада үш жылға арналған Макроэкономикалық тұрақтандыру және халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл бағдарламасы қабылданды. Құжатта көрсетілген шаралар сапалы әрі уақытылы орындалуы керек. Бұл жұмысқа облыс әкімдері белсене атсалысуға тиіс. Нақты ойластырылған ұсыныстарды Үкіметке енгізуге рұқсат беремін. Алдымызда тұрған басты мақсаттар: экономиканың тұрақты, сапалы өсімін қамтамасыз ету қажет; инфляцияны төмендетіп, халықтың табысын арттыру арқылы тұрмыс жағдайын жақсарту қажет; жеке секторды дамытып, өндірісті жандандыру керек; дайын өнім экспортын көбейту қажет.

Мемлекетіміздің алдында әлі де көптеген сынақ пайда болуы мүмкін. Қазіргі таңда әлемдегі ахуал тұрақты емес, келешегі бұлыңғыр деуге болады. Кейбір елдердің егемендігі, жерінің тұтастығы әлі толық шешілмеген, тіпті, бұл мәселе халықаралық даулардың өзекті тақырыбына айналды. Біріккен Ұлттар Ұйымының беделі әлсіреп кетті, жаһандық экономика да құбылмалы күйде. Сондықтан бәріміз бір ұлт болып, қырағылықты сақтауымыз керек, жас ұрпаққа қамқорлық көрсетіп, дұрыс тәрбие беруіміз қажет, ішкі даулардан аулақ болып, ынтымақ-бірлігімізді нығайтуымыз керек. Жалпы, бәрімізге ортақ аса маңызды міндет – ел мүддесіне тиімді қызмет ету. Қазақстанның егемендігі, дербестігі, тәуелсіздігі – бәрінен қымбат. Бұл – ұлтымыздың алдында тұрған ең биік мақсат. Мен ел Президенті ретінде бұл мақсатты орындау үшін барлық күш-жігерімді саламын.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Баршаңызға амандық, табыс тілеймін!

Akorda.kz

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН
КҮРЕСАШЫҚТЫҚ –
БАСТЫ ҚАҒИДА

Баянауыл ауданы тағылымы терең тарихымен, табиғаты көркем өлкенің ғана емес, сондай-ақ жарқын болашақты қалыптастыруға бағытталған ашық әрі әділ басқару үлгісінің мекені болуы тиіс. Сондықтан да біз үшін қоғамның сенімін нығайтып, мемлекеттік қызметтің беделін көтерудің ең басты жолы – жемқорлықтың алдын алу және оған мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру.

Аудан әкімдігі «Ашық әкімдік» қағидасын жүйелі түрде енгізіп келеді. Мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдау процесі барынша жария түрде өтуде. Барлық әлеуметтік маңызды мәселелер қоғамдық кеңестерде талқыланып, тұрғындардың ұсыныстары ескеріледі. Электронды форматтағы өтініштер мен қызмет көрсету үлесін арттыру да – ашықтықтың маңызды тетігі.

Аудан әкімдігі жанында Әдеп жөніндегі уәкіл бөлесін жұмыс істеп, мемлекеттік қызметшілер арасында этика нормаларын сақтау, мүдделер қақтығысының алдын алу бойынша түсіндіру шараларын күшейтті. Қызметкерлер үшін тұрақты тренингтер, семинарлар, заңнамалық өзгерістер бойынша оқыту жүргізіледі. Әрбір қызметкер сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды бұзған жағдайда қатаң жауапкершілікке тартылатыны ескертілген.

Жемқорлықпен күрес тек жазалау шараларымен шектелмейді. Ең маңыздысы – жас ұрпаққа адалдық пен әділдік құндылықтарын сіңіру. Аудан мектептері мен колледждерінде «Адал ұрпақ», «Саналы ұрпақ» жобалары жүзеге асуда. Арнайы сынып сағаттары, дебаттар, тренингтер ұйымдастырылып, өскелең буынның жемқорлыққа қарсы көзқарасы қалыптасуда.


Бүгінгі цифрлық кезеңде көптеген қызмет түрлері электронды форматқа көшіріліп, автоматтандырылған жүйелер енгізілуде. Бұл адам факторын азайтып, әрбір қызмет алушы үшін әділ, ыңғайлы әрі жылдам қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Аудан тұрғындары электронды порталдар арқылы кезек күтпей, артық құжат жинамай-ақ қажетті анықтамаларын ала алады.

Жемқорлықтың алдын алу ісі тек биліктің ғана емес, тұтас қоғамның ортақ міндеті. Сол үшін біз әрқашан аудан тұрғындарын белсенді азаматтық ұстаным танытуға, кез келген заңсыздық туралы хабарлауға, өз құқықтарын талап етіп қорғауға шақырамыз. Сіздің әр пікіріңіз, әр ұсынысыңыз – әділ қоғамға қадам.

А.Ксентаев,
Баянауыл ауданының әкімі

«Жақсыда жаттық жоқ», «Өзі жақсы кісіге бір адамдық орын бар» деп қазақы қасиет қонған қарияларымыз тегін айтпаса керек. Осы бір мәйекті сөз «Жадыра» шаруа қожалығының басшысы, кәсіпкер Қайрат Боращұлы Кикимовке арналып айтылғандай.

Қайратпен сөйлесе қалсаң жан сарайың ашылып, тілдессең тіршіліктің өмірі бітпейтін күңгірті жарыққа ұласып, жүзінен ызғар емес жылу шашып жадырататын, алысыңды жақындатып, жсоғыңды тапқандай болатының бар. Сөздің шындығы осы.

КАЖЫРЛЫ
ҚАЙРАТ

Алпыс деген талтүске жетіп отырған, ел-жұртына сыйлы қарапайым азамат Қайрат Ақсу өңірінің тумасы. 1982 жылдары Бірлік ауылында тұратын апа-жездесіне келіп, жылқышы құрығын қолға алды. Бес жылдай уақыт қысы-жазы жылқы соңында жүрген Қайраттың денсаулығы сыр беріп басқа жұмысқа кетуіне тура келді. Қол қусырып қарап отыра алмай «Майкебе» көмір кенішінде 10 жылдай уақыт механизатор болып еңбек етті. Өтпелі кезеңнің небір қиындықтарын бастан кешкен жас жігіт мойымай, адамгершілік қасиетін сақтай білді. Болашаққа зор үмітпен қарады. Тоқсаныншы жылдардың тоқырау, жекешелендіру науқаны кезеңінде ауылдың жағдайы құлдырады. Қайраттың замандастарының көпшілігі уақытша қиындыққа шыдамай нәпақа іздеп, қала жағалап көше бастады. Жастайынан ауылдық жерде есейген жігіт белді бекем буып өз тіршілігін жасауға кірісті. Жұбайы Ләззатпен ақылдаса отырып, Ақмектеп шағын елді мекеніне жақын орналасқан Жылысай қыстағын, жерін заңдастырып сатып алады. Ұзақ жылдар бойы қаңырап бос тұрған иесіз қыстақтың шұрайлы жері мал жайылымына таптырмас мекен.

Ұлы ғұлама Әбу-Насыр әл Фарабидің «Бақ деген – қолға алған тірлігіңді түбіне дейін жеткізе істеу», деген нақыл сөзін бойтұмары етіп алған Қайрат ең алдымен тұрғын үй құрылысын қолға алды. Ол кезде мал деген атымен жоқ. Екі пәтерлі тұрғын үйді ағайындарының көмегімен салған Қайрат мал қора құрылысын да сәтті жүргізді. Көп жылдан бері пайдаланылмай қалған жер асты құдығын қайта қазу да оңайға түспеді. Ешқашан ерінуді білмейтін жігіт Гүлнәр апайы берген бір-екі тайыншамен өз кәсібін бастады. Қаражат көзін таба білген епті жігіт бірді-екілі қой-ешкі, жылқы түлігін сатып алды. Сөйтіп, аз уақыттың ішінде Қайрат Боращұлы Жылысайға жан бітірді. Жылдар өте келе мал басы өсіп, етек-жеңін жинақтаған «Қайрат» шаруа қожалығының атын қызының құрметіне «Жадыра» деп атады. Шыдамдылықты қажет ететін ауыр жұмыстардың бар-

лығын жастық жігермен қиналмай атқарған Қайраттың өнегелі ісі замандастарына үлгі болғаны анық. Біраз жылдар өте келе Қайрат Боращұлы ауыл орталығынан дүкен ашып, Ләззат екеуі кәсіпкерлікті қолға алды. «Жадыра» шаруа қожалығының жұмысын оңтайлы жүргізе білген Қайрат мал арасында болған ауру-сырқауларды болдырмау үшін қажетті ветеринариялық-зоотехникалық жұмыстарды жыл маусымдарына орай жүйелі жүргізіп отырды. Айта кетерлігі, жұбайы Ләззат Дүйсенқызы іскер, шаруаның жағдайын шешуде барлық қиындықтарды Қайратпен бірге бөлісті. Көпбалалы отбасында тәрбиеленген Ләззат кезкелген істі өзінің еңбекқорлығымен, шыдамдылығымен, өжеттігімен жеңе білді. Жаз айларында сиыр сауып май-қаймақ дайындау, бие сауып қымыз өндіру сияқты шаруалар шаш етекпен.

Бақыт кілті тынымсыз адал еңбекте екенін жақсы түсінетін Кикимовтар отбасы бүгінде ауылдастары арасында зор абырой-беделге ие болып келеді. Қайраттың ұлы Ербол да кішкентайынан бастап әке-шешесінің қастарында жүріп шаруаға ыспарланып алды. Ербол өзінің жеке меншік Камаз көлігімен жылдың төрт мезгілінде шаруашылықтың жұмыстарын атқарады. Ауылда көмекке мұқтаж жандарға да көмек қолын созып отырады. Айта кетерлігі, Қайрат Боращұлының немерелері мен жиендері де жазғы демалыстарын атасының қасында өткізіп мал бағу, қой қырку, қымыз пісу, тағы басқа жұмыстарға көмектеседі.

– Уақыт деген не деген ұшқыр десеңізші. Мақсатым – балаларымның болашағы үшін еңбек етіп, шаруашылығымызды одан әрі дамыту. Ербол балам сенімді көмекшім, ақылшым. Осы Жылысайда еңселі тұрғын үй, монша құрылысын аяқтадық. Ең алғаш рет осы қыстақта жұмысымды бастағанда інім Жұмағали көмектескен еді. Енді ғана жұмысымыз алға басып келе жатқанда інім жол апатына ұшырап, мүмкіндігі шектеулі болып қалды. Ойламаған жерден мүгедек болған інім бақилық болғаны мен үшін өте ауыр қайғы болды. Алланың

ісіне шара бар ма? Інімнің артында қалған ұрпақтарына көмектесіп отыру – туыстық парызым. Өмірдің арқауы арман ғой. Пенде болған соң арман таусылмайды. Жасыратыны жоқ, жастардың басым бөлігі қаланы аңсайды. Бірақ шаруа қожалығының жұмысын дөңгелетіп отырған замандастарым баршылық. Атап айтсам, Ардақ Молдаханов, Ерлан Нығметжанов, Дулат Әбдірахманов, Руслан Қабылбеков, Қуаныш Мәжитов, тағы басқалары – ауыл-аймағымызда өткізіліп отыратын қайырымдылық шараларына да қатысып отырамыз. Қайырымдылықтың сауабы мол, – дейді Қайрат Боращұлы бізбен әңгіме барысында.

Иә, адам өз дәуірінің түлегі, өз заманының перзенті. Ол қандай қоғамда өмір сүрсе, бойындағы бар қайрат-жігерін сол қоғамның игілігіне жұмсайды. Қайрат Боращұлы әкешесінің бейнелі көп еңбегін, төккен терін бағалай отырып, балаларына кісілік пен кішілікті дарытуды басты парыз санайды.

«Аймауыттай ат мінсең, жақын болар алысың, адалың жар сүйсең, оңғарылар бар ісің» демекші, жастайынан сүйіп қосылған Ләззат та асыл жар, ибалы келін, ардақты ана, қамқоршы әже болу әйел қауымының басты борышы екенін терең түсіне білген абзал жан. Қайрат пен Ләззаттың қонақжай шаңырағынан қонақ үзілмейді. Қолы ұқсатымды Ләззат қысқыға арнап сүр қарынға сары май салып қысқыға сақтайды. Дастарқаннан дәмі тіл үйірет сары майы үзілмейтін Ләззаттың берекелі іс-тәжірибесін қызы Жадыра мен келіні Бибігүл үйреніп алған.

Байлықты, – атақ-мансапты көксемейтін Қайраттың өз ортасында алар орны ерекше. Ол – мейірімді әке, ақылшы ата, парасатты отағасы, отбасының асқар таудай тірегі. Баянды бақытын маңдай терімен тапқан Қайрат Боращұлының басты қасиеті – адамдығы, азаматтығы, еңбекқорлығы.

Бағзат Нұртайқызы,
жергілікті тілші

БІЗДІҢ ЕСКЕЛДІГЕ САПАРЫМЫЗ

Адамның арманы таусылған ба? Менің де бір арманым – әулие Мәшһүр Жүсіп атаның кесенесін көріп, тәу ету еді. Мақсат-мұратқа қол жеткізу үшін адам әрекет етуі керек. Осылайша көптен ойымда жүрген сапарыма жиналдым. Жұбайым Рахила екеуміз ақылдаса келіп, атаның басына күзде барамыз деп шештік. Алдымен Орал қаласындағы теміржол вокзалының анықтама бюросынан ол аймаққа қалай баратынымызды сұрап, анықтадық. Анықтама бюросының айтуынша, біз алдымен Оралдан – Астанаға, Астанадан – Павлодарға, Павлодардан – Баянауыл ауданына, Баянауылдан Ескелдіге барарды екенбіз. Нар тәуекел, 14 қазан баруға, 24 қазан кері қайту билетін алып, жолға шықтық. Өзімізге өзіміз сенбей Астанаға жеткенше жол серіктерімізден сұрап бардық. Алайда нақты білетін адам болмады. Астанадан Павлодарға баратын «Маңғыстау-Семей» пойызына отырдық. Кеш түсті. Павлодарға дейін жеті сағат жүреді екен. Төсегімізді салып, демалуға ыңғайландық. Орналасып алсақ та, «дұрыс келеміз бе, бұрыс келеміз бе?» деген ой мазалай берді. «Жатқаным болмас, түрегеліп, жол білетін біреу табылып қалар», деп тұрдым. Бір егделеу жан отыр екен. Содан жөн сұрап едім, ол: «Мен анық білмеймін. Қазір осы жерге Екібастұздың бір азаматы келеді, сол білетін шығар, сұрайық» деді. Аузымызды жинағанымызша болмады, айтқан адамы да келді. Аман-саулықтан кейін Ескелдіге Мәшһүр Жүсіп атаның басына Батыс Қазақстан облысынан келе жатқанымды айттым. Теміржол вокзалының берген анықтамасы бойынша келе жатқанымды да жасырмадым. Өзін Жанболат деп таныстырған бауырым: «Мен қазір бір кісімен сөйлесіп алайың, нақты хабарын беремін, осы жерде күтіңіз» деп әріге жүріп кетті. Жарты сағаттан кейін әлгі Жанболатым келді. «Жолыңыз болды. Мен Екібастұздан түсемін. Ол жерде мені балам күтіп алады. Сосын балам сіздерді Ескелдіге тура апарады», деді. Мына сөзді естіген Рахила екеуміз сенерімізді де, сенбесімізді де білмедік. Бірақ, ақ ниетімен айтып тұр ғой деп, дегеніне көндік. Екібастұзда бізді баласы Ерболат күтіп тұр екен. Әкесін үйіне түсіріп, бізді 75 шақырым жердегі Ескелдіге түн ішінде бір тиында алмай тегін, еш қиналмастан жеткізіп салды. Бейсенов Ерболат бауырымның Алла ісіне береке берсін!

Мәшһүр атаның басындағы қонақ үйге қондық. Ертемен жуынып-шайынып, таңғы астан бұрын атаның мазарына барып, дұға бағыштадық. Ол жерде бізге өзін шырақшының көмекшісімін деп таныстырған жігіттің есімі Базарбай екен. Мәшһүр ата туралы не бір мәліметтерді білмейтіні жоқ, сайрап тұр. Ол да ақ ниетімен бізге үлкен сыйластықпен бағыт-бағдар беріп отырды. Толық таныса келе, ол жігіттің Ақтөбе облысынан, руы Кете екенін білдік. Сөйтіп, атаның басына құранымызды бағыштап, ас-суымызды ішкен соң, атаның 1925 жылы келіп қоныстанған мекені Ескелдіге жаяу бардық. Ол жерде бұлақ барың, атамыздың ұрпағы Абай Шарапиөвтің халыққа қызмет көрсететінін кітаптардан оқуыма байланысты білуші едім. Атаның өзі тұрған үйдің жанындағы адамдар бізді алыстан бақылап тұрыпты.



Егде адамдармыз ғой, арасында демалып-демалып жеттік. Ата қонысына келген соң құран бағыштадық. Әлеуметтік желіден де, кітаптардан ата туралы көп оқитын едім. Қараймың, құран бағыштап отырған атаның ұрпағы Абай. Бірден:

- Атаның ұрпағы Абай боласыз ба?
- Иә, бұрын бұл жерге келдіңіз бе?
- Жоқ, мен сізбен интернет

арқылы танысып. БҚО-ның шалғайдағы ауданы Жаңақаладан келдік, - деп өзімізді таныстырдым.

Абаймен сөйлесіп, тез тіл табысып кеттік. Абай менің Қайрат деген ініммен құрдас, 1958 жылғы екен. Батыс өңірінде Абат Есенғалиев деген азамат та – осы біз сияқты келіп танысқанын айтып, ол кісіге сәлемін жолдады. Алдымызға бір табақ ет әкеліп, «алыстан келдіңіздер» деп сый-құрмет көрсетті. Әңгіме дүкен құрып, ата туралы аңызға айналған әңгімелерді айтып, бұлақ басында сыр шертісіп, қимай қоштастық.

Сапарымыздың екінші күнінде музейді араладық. Айналадағы барлық құрылыс нысандарын, атаның ұрпақтарының зираттарын аралап, құран бағыштап, дұға оқыдық. Осы жерде айта кететін бір жайт, атамыз көзі тірісінде «Менің басыма арнайы келген адамдар егер арабша Құран-Кәрімнің дұғалары мен сүрелерін білмесе, тілдерін бұрап әуре болмай-ақ, қазақтың жалпақ тілімен «Мәшһүр ата, жатқан жеріңіз жарық, топырағыңыз торқа, иманыңыз жолдас болсын. Артында қалған ұрпақтарына иман байлығын берсін», деп үш рет қайталаса, тілектері қабыл болады» депті. Осы айтқан сөзін назарыма ұстап, көбінесе қазақтың жалпақ тілімен ниетімізді білдіріп отырдық. Енді бір қонып, Астанаға барсақ деген ой келді. Бірақ Астанадан Оралға жүретін пойызға әлі ертелеу. Осындай оялардың мазалауымен кешкі тамаққа келдік. Бір ғажабы қай мезгілде келсең де дастарқан әзір. Үлкенге құрмет, кішіге ізетті осы атаның кесенесіне келгенде байқадық. Қазақтылық

дәстүрдің бар екеніне көзіміз жетті. Дастарқан басынан орын беріліп, сол жерде тамақтанып жатқан адамдармен таныстық. Олар біздің қайдан, қалай келгенімізді сұрап жатты. Біздің жоспарымыз бойынша Ескелдіден Баянауылға, содан соң Павлодарға барып, Астана бағытындағы пойызға отыру керек екенін айттық. Біздің әңгімемізді тыңдап отырған Төлеген есімді жігіт:

– Павлодарда күтіп алатын адамдарыңыз бар ма? - деп сұрады.

– Жоқ, тек пойызға отыру үшін ғана барамыз, - деп жауап бердік.

– Онда былай істейік. Мен сіздерге ертең таңертеңгі сағат 10-ға таман көлік жіберемін. Сіздерді Екібастұзға апарады. Теміржол вокзалына барып, пойыздың ақшасын қайтарып аласыздар. Сосын Екібастұздан Астанаға таксимен барасыздар. Біз сіздерден ешқандай ақша алмаймыз, бәрі тегін болады, - деді.

Рахила екеуміз тағы таңырқап қалдық. Бұл не деген жомарттық? Өмірі көрмеген, танымайтын адамдарға не деген құрмет? Ыңғайсыз болса да, келістік. «Ертең осы кісі сіздерді мінгізіп жібереді», деп сол жерде тұратын бір азаматты көрсетіп кетті. Ертеңіне асықпай тұрып, Мәшһүр атаның басына барып, білгенімізше құран бағыштап, ертеңгілік тамаққа келдік. «Бүгін дүйсенбі. Кісі аз болады», деген кесене басындағылар. Айтқандарындай шағын дастарқан басына отырдық. Қасымызда сол баяғы шырақшының көмекшісі Базарбай (Бахуридин), Алматыдан келген жас жұбайлар, сырттан екі жас жігіт келіпті. Дастарқан басында баяғы танысу. Ол жігіттер Алматы жақтан, ата-аналары Қытайда болған. Бірінің есімі – Рашад, екіншісі Бақытнұр. Нағашылы-жиен екен. Сөз арасында Астанаға баратындарын, тек екеуі екендерін айтып қалды. Ішімнен «Бізді ала кетесіңдер ме, жол ақысын береміз», деп айтқым келіп отыр. Бірақ кешегі Төлегеннің ақ ниетін қалай аттап кетем деген ой тоқтатты. Сөйтіп, неше түрлі

ойдың ықпалында отырғанда Төлеген хабарласты. «Сізге жарты сағат шамасында ақ Приора көлігі келеді, дайын отырыңыздар», деп. Ол тапсырып кеткен жігіт те келіп отыр еді. Осы әңгімені естіп отырған Рашад сөзге араласып: «Астанаға барсаңыздар біз алып кетейік, көк тиын алмаймыз, тек баталарыңызды берсеңіздер болды», - деді. Апыр-ай, мынау не деген кеңпейілдік. Біз қай қоғам, қай дәуірде өмір сүріп жатқан адамдармен кездесіп отырмыз деген ой келді санамызға. Сасқанымыздан «Ана кісілерден ұят болмай ма?», деппіз. «Жоқ, оларға хабарласайық» деп, бізді мінгізіп жіберетін жігітке хабарласып, көліктің керек емес екендігін айтты. Абырой болғанда көлік әлі жолға шықпаған екен, жақсы болды. Төлеген өзі қайта хабарласып «Көмек керек болса, еш қысылмай хабарласыңыз. Жолдарыңыз болсын!» деп ақ жол тіледі. Сонымен жолымыз болып, Астанаға жеттік.

Астана вокзалынан Павлодар бағытындағы билетіміздің құнын қайтарып алдық. Біз мінетін Орал пойызына әлі екі күн бар. Сол күні кеште бір-екі сағат шамасында Оралға жүретін пойыз бар еді. Кассадағы сатушыға бұрынғы билетімізді тапсырып, бүгінгі пойызға отырғымыз келетінін айтып едік, ол да сөзге келместен билетімізді ауыстырып берді. Сөйтіп, Астанада бостан-босқа екі күн жатпай ауылымызға кете бардық. Осының барлығы Мәшһүр Жүсіп ата әруағының қолдауы деп ойлаймыз. Мәшһүр Жүсіп ата, жатқан жеріңіз жарық, топырағыңыз мамық, иманыңыз жолдас болсын! Артыңыздағы ұрпаққа, кейінгі қалың қазаққа, өзіңіз жүз жылдан кейін келеді деген «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заманға» аман-есен жетейік!

**Марат Тұрашов,
Маштексай ауылы,
Жаңақала ауданы,
Батыс Қазақстан облысы**

ЗАҢ

ЕРЕКШЕ БАҒЫТ – ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ!

Департамент өз құзыреті шеңберінде азаматтарға мемлекеттік қызметтердің сапасыз көрсетілуі бойынша олардың заңды мүдделерін қалпына келтіреді. Азаматтардың 39 өтінішін қарау барысында 16 факт расталып, азаматтардың құқықтары қалпына келтірілді. Тексеру іс-шараларының нәтижесінде мемлекеттік қызметтерді көрсетудің мерзімдерін бұзу, тәртібін сақтамау, сондай-ақ негізсіз бас тарту фактілері анықталды.

Қызмет алушылар тарапынан ең жиі шағымданатын салалар – жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жылжымайтын мүлік және мұрағаттық анықтамалар.

2025 жылы анықталған жалпы бұзушылықтардың 85 %-ы жергілікті атқарушы органдар қызметкерлеріне, ал 15 %-ы орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелеріне тиесілі. Мысалы, Павлодар қаласының жер қатынастары бөлімі Т.Масақбаев жер учаскесін жеке меншікке беру мемлекеттік қызметін көрсетуден негізсіз бас тартқаны расталды.

Нәтижесінде, аталған бөлім басшысы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 465-бабының 2-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Қызмет алушы Т.Масақбаевтың құқықтарын қалпына келтіру мақсатында, Департаменттің ұсынысы бойынша негізсіз бас тарту күшін жойып, заңды шешім шығарылып, жер жеке меншікке берілді. Заңдылықты бұзу барлық жағдайлары бойынша Департамент қызметкерлері қолда бар өкілеттік пен құзыреті аясында азаматтардың құқықтарын қалпына келтіру шараларын дереу қабылдайды. Сонымен қатар, егер сіз мемлекеттік қызметтердің сапасыз көрсетілуімен кездессеңіз, Департамент жанында 8 (7182) 20-85-06 нөмірі бойынша сенім телефоны жұмыс істейтінін атап өткен жөн.

Азаматтар туындаған мәселелер бойынша осы сенім телефонына хабарласа алады, сондай-ақ Telegram мобильді қосымшасындағы «EgovKzBot2.0» бот-платформасындағы «Уәкілетті органға жүгіну» бөлімі арқылы шағым жолдай алады.

Р.Ахмеджан,
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігі Павлодар облысы
бойынша департаментінің
Мемлекеттік қызметтер
басқармасының бас маманы

ОСОБОЕ НАПРАВЛЕНИЕ – ЗАЩИТА ПРАВ УСЛУГОПОЛУЧАТЕЛЕЙ!

Департамент в рамках своих компетенций в части защиты прав граждан при некачественном оказании им государственных услуг восстанавливает законные интересы услугополучателей. В ходе рассмотрения 39 обращений граждан 16 фактов нашли свое подтверждение и права граждан восстановлены. В результате проверочных мероприятий установлены факты несвоевременного оказания, нарушения порядка и выдачи необоснованных отказов в оказании государственных услуг. Наиболее часто услугополучателями обжалуются сферы земельных отношений, архитектуры и градостроительства, занятости и социальных программ, жилищно-коммунального хозяйства, недвижимости и архивных справок.

В 2025 году сотрудниками МИО допущено 85% нарушений от общего количества и 15% нарушений приходится на территориальные подразделения центральных государственных органов. К примеру, в ходе рассмотрения обращения Т.Масақбаева по факту выдачи Отделом земельных отношений города Павлодара необоснованного отказа в оказании государственной услуги по предоставлению земельного участка в частную собственность нашли свое подтверждение. В

результате, должностное лицо в лице руководителя Отдела привлечено к административной ответственности по части 2, статьи 465 Кодекса об административных правонарушениях. По рекомендации Департамента в целях восстановления прав услугополучателя Т.Масақбаева отменен выданный необоснованный отказ с выдачей правомерного решения и предоставления участка в частную собственность. По всем случаям выявления нарушений законности, сотрудниками Департамента незамедлительно принимаются меры по восстановлению прав граждан в рамках имеющихся полномочий и компетенции.

Кроме того, хотелось бы отметить, если вы столкнулись с некачественным оказанием государственных услуг, при Департаменте функционирует телефон доверия 8(7182)20-85-06, на который граждане могут обратиться с возникшими проблемными вопросами, а также посредством подачи жалобы в мобильном приложении Telegram через бот-платформу «EgovKz-Bot2.0» в разделе «Обращение в уполномоченный орган».

Р.Ахмеджан,
главный специалист
Управления государственных
услуг Департамента агентства
по делам государственной
службы по Павлодарской области

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті жергілікті қоғамдастық мүшелері!

2001 жылғы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңының 39-3 бабына сәйкес 2025 жылғы 11 желтоқсан күні сағат 16:00-де Майқайың кенті әкімі аппараты ғимаратында жергілікті қоғамдастық жиыны өтеді.

Жергілікті қоғамдастық жиынының күн тәртібі:

1. 2026-2028 жылдарға арналған бюджетті бекіту;
2. Астана көшесі, 52 ғимаратында жалға кабинет беру;
3. Иесіз мүлікті теңгерімге алуды қарастыру;
4. Жарамсыз негізгі құралдарды есептен шығару.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Уважаемые члены местного сообщества!

Согласно статьи 39-3 Закона РК «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» от 2001 года, приглашаем Вас на собрания местного сообщества, которое состоится 11 декабря 2025 года в 16:00 часов в здании акимата п.Майкаин.

Повестка дня собрания местного сообщества:

1. Утверждение бюджета на 2026-2028 годы;
2. Предоставление в аренду помещения по адресу ул. Астана 52;
3. Рассмотрение вопроса по принятию безхозного имущества;
4. О списании основных средств пришедших в негодность

Майқайың кенті әкімшілігі

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ <https://ndbecology.gov.kz> сайтында «Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің функционалдық аймақтарға бөлу және инфрақұрылымды дамытудың бас жоспары бөлігінде техникалық-экономикалық негіздемесін түзету» жобасы бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Ықпал ету аумағы – Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Шоная ауылы 50°48'24.26"N, 75°45'18.79"E

Өткізу мерзімі: 2025 жылғы 12 желтоқсаннан бастап жиырма жұмыс күні.

Әзірлеуші: «Терра» дистанциолық байқап көру орталығы және ГИЖ» ЖШС 050010, Алматы қаласы, Көктөбе шағын ауданы, Роза Бағланова көшесі, 83 үй. Тел.:+(727)236-08-74. 385-10-05, 385-47-56. Факс:+7(727)236-08-78, e-mail:info@gis-terra.kz

Жоспарланып отырған қызмет бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу аясында қосымша ақпарат алу, сондай-ақ тиісті құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін bayangnpp@mail.ru электрондық поштасына немесе 8 (71840) 9-21-78 телефоны арқылы хабарласуға болады.

Қоғамдық тыңдаулар туралы ақпаратқа қоғамның қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты жергілікті атқарушы орган – «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» мемлекеттік мекемесі, электрондық поштасы: unosvr_15.07.2025@mail.ru, телефоны: 8 (718) 2-32-16-81.

«Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ

ОБЪЯВЛЕНИЕ

РГУ «Баянаульский государственный национальный природный парк» сообщает о проведении общественных слушаний в формате публичного обсуждения на сайте <https://ndbecology.gov.kz> по проекту «Корректировка технико-экономического обоснования в части генерального плана функционального зонирования и развития инфраструктуры Баянаульского государственного национального природного парка».

Зона воздействия – Павлодарская область, Баянаульский район, село Шоная, координаты: 50°48'24.26"N, 75°45'18.79"E.

Срок проведения публичных обсуждений: двадцать рабочих дней, начиная с 12 декабря 2025 года.

Разработчик: ТОО «Центр дистанционного зондирования и ГИС «Терра» 050010, г. Алматы, м-он Кок-Тобе, ул. Розы Бағлановой, дом 83. Тел.:+(727)236-08-74. 385-10-05.385-47-56. Факс:+7(727)236-08-78, e-mail:info@gis-terra.kz

Получить дополнительную информацию о намечаемой детальности при проведении публичных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности, можно по эл.адресу: bayangnpp@mail.ru и тел 8(71840)9-21-78.

Местный исполнительный орган, ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний – ГУ «Управление недропользования, окружающей среды и водных ресурсов Павлодарской области», электронный адрес: unosvr_15.07.2025@mail.ru, телефон 8(718)2-321681.

РГУ «Баянаульский государственный национальный природный парк»

ПРИГЛАШАЕМ НА РАБОТУ

Принимаем на постоянную или вахтовую работу в зону Жасыбай, Баянаульский район (д/о Берёзовая роща):

- помощник повара-1ед;
- кух.рабочие – 1ед;
- горничные – 1ед;
- технички – 2ед;
- разнорабочие – 2ед;
- официанты – 2ед;
- бармен – 1ед;
- водитель(Камаз, ассенизатор) – 1ед.

Требование: возраст 18-45, добросовестность, ответственность.

Зарплата высокая, стабильная

Все подробности при собеседовании, контактный тел: 87761378233

ЕСКЕ АЛУ

ЖАНЫҢЫЗ ЖӘННАТТА
БОЛСЫН!

Торайғыр ауылының тумасы,
әулетіміздің ардақтысы, асқар тау
әкеміз **Талғатбек Мәжікенұлының**
ғұмырдариясының мәңгілік ағысқа
ауысқанына 40 күннің жүзі болды.
Қимас жанды сағынышпен еске
аламыз.

*Асқар тау әкелердің орны бөлек,
Қарызын өтей алмас ешкім төлеп.
Бағасы әкелердің қымбат еді,
Уағында жатыр оны кімдер елеп?..*

*Бір жағынан асырап бағып-қақтың,
Әкелік мейірімді сенен таптым.
Әр күніңді өткізіп үстінде аттың
Сыйлы боп өз еліңнің қойын*

*бақтың.
100 қойдан 105 қозы алып өттің,
Құрметпен бір орденді төске
тақтың.*

*Сұм тағдыр әкетті ғой дарамызды-ай,
Пейіліңіз кең еді даламыздай.
Маңдайымнан бір шертіп көрмеп едің,
Өсіріп ініңізді балаңыздай.*

*Медреседе оқыттыңыз сенім артып,
Аямай бөлдіңіз ғой көңіл артық.
Ақыл айтып, қамқорлық таныттыңыз,
Жүретін сіз бар кезде көңіл шалқып.*

*Алдымда асқар таудай тұратынсыз,
Жел болса ықтасын боп шығатынсыз.
Аға демей әке деп есептедім,
Жанымды сіз ерекше ұғатынсыз.*

*Шырша сынды өстіңіз тасты жарып,
Бойыңызда бар еді тасқын анық.
Жаратушым жәннаттың төрін берсін,
Жеріңіз жатқан, әке, болсын жарық!..*

**Марқұмның рухына бағышталатын қырық күндік дұға-асы
14 желтоқсан күні сағат 12:00-де Торайғыр ауылындағы мешіттің
асханасында беріледі. Қадамдарыңыз сауаптан болсын!**

Еске алушы: Бейсенбай қажы

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Нотариус нотариального округа Павлодарской области Оразбаев А.Ж., лицензия № 24020441 от 06.06.2024 года, сообщает об открытии наследства, оставшегося после смерти Манзулова Ерлана Жамшитовича, умершего 20.07.2025 года. Тел. нотариуса: 87713132882

Нотариус нотариального округа Павлодарской области Оразбаев А.Ж., лицензия № 24020441 от 06.06.2024 года, сообщает об открытии наследства, оставшегося после смерти Бондаревой Тамары Николаевны, умершей 06.10.2025 года. Тел. нотариуса: 87713132882

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Майқайыңзолото» АҚ тұтынушыларға жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және өткізу қызметтері бойынша тариф деңгейінің өзгергені туралы хабарлайды. Бұл өзгерістер «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті» РММ-нің 2025 жылғы 28 қарашадағы № 112-НҚ бұйрығына сәйкес енгізіледі.

реттік №	Тұтынушылар топтары бойынша тарифі	өлш. бірл.	Мерзім				
		жыл	2025 ж.	2026 ж.	01.01.2026 ж. бастап 31.03.2026 ж. дейін	01.04.2026 ж. бастап 31.12.2026 ж. дейін	2027 ж.
1	Орташа тариф	тенге/Гкал	4875,85	4985,45	4875,85	5021,97	5061,36
2	Халық үшін	тенге/Гкал	2108,72	2108,72	2108,72	2108,72	2108,72
3	Басқа тұтынушылар үшін	тенге/Гкал	6848,55	7479,71	6848,55	7690,10	7871,13
4	Бюджеттік ұйымдар үшін	тенге/Гкал	16181,9	16545,37	16181,9	16666,53	16770,27

«Майқайыңзолото» АҚ әкімшілігі

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «Майкаинзолото» информирует потребителей об изменении уровня тарифов на услуги по производству, передаче, распределению и реализации тепловой энергии согласно приказа РГУ «Департамента комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики РК по Павлодарской области» № 112-НҚ от 28.11.2025 года:

№ пп	Тарифы по группам потребителей	Ед. изм.	Период				
		год	2025 г.	2026 г.	с 01.01.2026 г. по 31.03.2026 г.	с 01.04.2026 г. по 31.12.2026 г.	2027 г.
1	Средний тариф	тенге/Гкал	4875,85	4985,45	4875,85	5021,97	5061,36
2	Для населения	тенге/Гкал	2108,72	2108,72	2108,72	2108,72	2108,72
3	Для прочих потребителей	тенге/Гкал	6848,55	7479,71	6848,55	7690,10	7871,13
4	Для бюджетных организаций	тенге/Гкал	16181,9	16545,37	16181,9	16666,53	16770,27

Администрация АО «Майкаинзолото»

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Нотариус нотариального округа Павлодарской области Оразбаев А.Ж., лицензия № 24020441 от 06.06.2024 года, сообщает об открытии наследства, оставшегося после смерти Каптанай Бекболат, умершего 15.11.2025 года. Тел. нотариуса: 87713132882



«Баянтау» газетінің
редакциясы ЖШС

Директор:

Айдана Тұрғынбайқызы
АЙТУФАНОВА
8-702-179-10-87

Редакция автордың көзқарасы үшін жауап бермейді. Хаттар, қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарға тегіс жауап беруді және түгел жариялауды міндетіне алмайды. «Баянтауда» жарық көрген материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан фотосуреттер пайдаланылады. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2006 жылы 18 мамырда тіркеліп, №7250-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күні шығады.
Таралымы: 1600 дана
Көлемі: 2 б.т.

Газет «Баянтау» газетінің редакциясында теріліп, беттеліп, «Баспа үйі» ЖШС баспаханасында басылады.

Баспа мекен-жайы: Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй.
Газеттің сапасы мен уақытында шығуына баспахана жауап береді.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы,
Баянауыл ауылы,
Сәтбаев көшесі, 49-үй,
Жұмыс тел: 9-28-37
Эл. пошта: redakciyabayantau@mail.ru
Instagram: @bayantau_gazeta
Facebook: Баянтау газеті

СПОРТ

СПАНДИЯР МАЙБАСОВТЫҢ ЖҮЛДЕСІНЕ
АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР

Баянауылда еркін күрестен Қазақстан Республикасының тоғыз дүркін чемпионы, КСРО спорт шебері Спандияр Хасенұлы Майбасовтың жүлдесіне арналған облыстық турнир жоғары деңгейде өтті. Турнирді Павлодар облысының дене тәрбиесі және спорт басқармасы, Біріктірілген күрес түрлері бойынша облыстық федерациясы, Баянауыл ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі және аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі бірлесіп ұйымдастырды. Спорттық шара «Біз есірткіге қарсымыз» акциясы аясында және «Заң мен тәртіп» идеологиясын насихаттау мақсатында өткізілді. Жарыстың негізгі міндеті – жасөспірімдер арасында спортты кеңінен насихаттап, жас балуандардың шеберлігін шыңдау.

Турнир ағымдағы жылдың 27-28 қараша күндері аралығында Баянауыл аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде өтті. Турнирге еліміздің түрлі өңірлерінен (Абай облысы, Астана, Қарағанды, Павлодар, Екібастұз, Ақсу қалалары, Баянауыл, Ертіс, Тереңкөл, Ақтоғай, Май, Аққулы, Павлодар аудандары, Көкжөкөл, Заря ауылдары, Солнечный кенті) 2012-2013 және 2014-2015 жылдары туған 200-ден аса жасөспірім қатысты. Салмақ дәрежелері 29 келіден басталып, 68 келіге дейін қамтылды.

Салтанатты ашылуында Павлодар облысының Біріктірілген күрес түрлері бойынша федерациясының төрағасы Ілияс Баисов, Баянауыл ауданы әкімінің орынбасары Еркін Арыстанбеков, Баянауыл ауданының прокуроры Бақытжан Бабаев, сондай-ақ аудандық полиция бөлімінің бастығы Мұрат Ауғалиев сөз сөйлеп, спортшыларға сәттілік тіледі. Олар спорттың жастар тәрбиесіндегі маңызын атап өтіп, мұндай турнирлердің аудан спортын дамытудағы рөлін ерекше бағалады.

Баянауыл ауданының прокуроры Бақытжан Бабаев:

– Құрметті жас спортшылар, жаттықтырушылар, ата-аналар, қадірлі қонақтар! Сіздерді еліміздің мақтанышы, көрнекті спортшы, тоғыз дүркін Қазақстан Республикасының чемпионы Спандияр Хасенұлы Майбасовқа арналған турнирдің салтанатты ашылуымен құттықтаймын. Қадағалаушы органның өкілі ретінде мен үшін осы спорт мерекесін өткізу – үлкен мәртебе. Прокуратура заң мен құқық тәртібін қорғауға



бағытталған. Біз салауатты, рухы мықты және заңға бағынатын ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған кез келген бастаманы қолдаймыз. Спорт – осы мақсаттарға жетудің ең жақсы жолдарының бірі. Барлық қатысушыларға сәттілік тілеймін, - деді.

Спандияр Хасенұлы Майбасов тек талантты спортшы ғана емес, нағыз балуан, еркін күрес шебері. Ол тоғыз рет Қазақстан чемпионы атанды. Ауыл спортшылары мен жастар арасындағы КСРО біріншіліктерінің чемпионы және жүлдегері болды. Бұл жетістіктер оның орасан зор еңбегі мен жанқиярлығының нәтижесі.

Турнир қорытындысында жеңімпаздар мен жүлдегерлер Баянауыл ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі дайындаған белбеулермен, медальдармен және мақтау қағаздарымен марапат-

талды. Турнир қорытындысында Баянауыл ауданының жасөспірімдері де үздік нәтиже көрсетті. 2014-2015 жылдары туған жасөспірімдер арасында 44 келі салмақ дәрежесінде II орын Саян Балтабек иеленсе, осы салмақ дәрежесінде III орынды Санжар Молдаспанов жеңіп алды. Ал, 57 келі салмақ дәрежесінде Әлім Әміров II орынға табан тіреп, ауданның намысын абыроймен қорғады.

Турнир жас балуандарға тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беріп, олардың алдағы жарыстарға деген сенімін нығайтты. Бұл жетістіктер аудандағы балалар-жасөспірімдер спортын дамыту бағытында атқарылып жатқан жүйелі жұмыстардың жемісі екендігі анық.

ЕҢБЕК ҮЛГІСІ – ЕЛГЕ СЫЙ

Ауыл шаруашылығы саласының дамуына елеулі үлес қосқан азаматтар қоғамның әрдайым құрметіне бөленеді. Жуырда сондай жанның бірі – «Қарауңгір» шаруа қожалығының басшысы Ержанов Серікбай Рахымбекұлы ауыл мен аудан экономикасын дамытуға қосқан зор еңбегі үшін аудан әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Серікбай Рахымбекұлы өз шаруа қожалығын 2006 жылы құрған. Бүгінде «Қарауңгір» – өңірге танымал, іргелі шаруашылықтардың бірі. Қожалықта 300 бас сиыр, 20 жылқы, 50 қой өсірілуде. Мал өсіруге қажетті барлық техникасы сақадай сай, қора-жай мен тұрғын үй де талапқа сай жабдықталған.

Биыл шаруа қожалығының басшысы Қарауңгір тауының баурайынан шетел үлгісіндегі жаңа тұрғын үй салды. Заманауи интерьермен жарақтандырылған баспаның ішінде жатын бөлмелер, кең зал, асхана, ванна, душ бөлмелері, санузелдер қарастырылған. Үйге ыстық және суық су толықтай тартылған, ал, ауыз су тау асты бұлағынан келеді.

– Әредік Америка Құрама Штатында тұратын балама барып тұрамын. Түркия елін де аралап, шетел азаматтарының өмір салтымен танысып, тәжірибе жинақтадым, - дейді Серікбай Рахымбекұлы.

Алда тұрғын үй аумағын көркейтіп, жаңа бау-бақша өсіру, мал қораларын басқа орынға көшіру жоспары бар екенін де жасырмады. Зейнет демалысына шықса да, ел игілігіне қызмет етуді басты мақсат еткен шаруа:

– Қарап отыруға болмайды. Халқыма пайдам тисе, еңбегім еленсе – сол ең үлкен бақыт. Жастарға үлгі көрсетіп, еңбекқорлыққа баулу – азаматтық борышым, - дейді ол.

Серікбай Рахымбекұлының айтуынша, Жаңатілек ауылы мен Америка арасындағы жол оған ауданға барып келумен бірдей. Әлем көрген азаматтың туған жерге деген сүйіспеншілігі, елге қызмет ету жолындағы адалдығы – көпке үлгі. Іске сәт дедік.

Мұхамет-Қайыр Шәріпов,
ҚР Журналистер одағының мүшесі

ҰЛТТЫҚ ПАРК

Жас қарағай ағаштарын
қорғау шаралары күшейтілді

Жаңа жыл мерекелері жақындаған сайын Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде орман алқаптарын қорғау және қылқан жапырақты ағаштарды заңсыз кесудің алдын алу шаралары күшейтілді. Биыл аумақты бақылау үшін үш тұрақты бақылау бекеті және сегіз мобильді топ құрылып, ерекше қорғалатын аумақтарда күнделікті патруль жүргізілуде. Парк қызметкерлерінің айтуынша, бақылаудың күшейтілуі желтоқсан айында құдықбұзушылықтардың жиілеуімен байланысты. Мобильді топтар күндіз және кешкі уақытта рейдтер өткізіп, автокөліктерді тексереді, орманды аймақтардағы күмәнді қозғалыстарды бақылайды және жергілікті тұрғындардан келіп түскен хабарламаларға жедел әрекет етеді.

Парк өкілдері қылқан жапырақты ағаштарды заңсыз кесу үшін айыппұлдар мен келтірілген залалды өтеу қарастырылғанын еске салады. Тұрғындарға жаңа жылдық шыршаларды тек ресми сату орындарынан алуға кеңес беріледі.

Марс Жұманов,
орман қоғау инженері

Г.ТАХАН